

Бекітемін

Қарағанды облысы білім басқармасының

Шахтинск қаласы білім бөлімінің

«Нұрғиса Тілендиев атындағы балалар
музыкалық мектебі» КМҚК

Директор

О. Канчер



Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Нұрғиса Тілендиев атындағы балалар музыкалық мектебі» КМҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

1. Қоғамдық қатынастар саласының атауы: білім.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеушінің атауы:

Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Нұрғиса Тілендиев атындағы балалар музыкалық мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны.

3. Қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласында жұмыс істейтін адамдардың мінез-құлық (іс-қимыл) қағидалары

3.1 сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде

- 1) заңдылық қағидатын, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алуға;
- 2) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымның, мемлекеттік қызметшілердің және өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбауға;
- 3) мүдделер қақтығысының туындауының кез келген мүмкіндігіне жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауға;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруын қиындататын әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеуге;
- 5) өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерді жеке мүліктік және мүліктік емес пайда алу үшін пайдаланбауға;
- 6) жоғары кәсіби жұмыс үшін барлық күш-жігерді жұмсау, қойылған міндеттерді шешудің оңтайлы, үнемді және өзге де құзыретті тәсілдерін қолдануға;
- 7) өзінің біліктілігі мен кәсібилігін ұдайы жетілдіруге, жалпы мәдениет деңгейін арттыруға;

8) қызметтік жағдайды теріс пайдалануға, негізсіз бюрократия мен әуресарсаң көріністеріне, сондай-ақ дәрекілік пен біржақтылық көріністеріне жол бермеуге;

9) азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде олардың өтініштерін қарау және олар бойынша қажетті шаралар қабылдауға;

10) өтініш білдірген азаматтардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

3.2. өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде

1) кәсіби этиканы сақтауға;

2) Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеу мақсатында қандай да бір адамдар жүгінген барлық жағдайлар туралы басышылықты және уәкілетті органды хабардар етуге;

3) еңбек тәртібін мүлтіксіз сақтауға, берілген өкілеттіктерге тиімді билік етуге; өзінің қызметтік міндеттерін адал, бейтарап және сапалы орындауға; жұмыс уақытын ұтымды пайдалануға;

4) жеке және заңды тұлғаларға артықшылық бермеуге, лауазымдық міндеттерін атқару кезінде олардың ықпалынан тәуелсіз болуға;

5) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілердің және өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбауға;

6) мүдделер қақтығысына жол бермеуге, олар туындаған кезде заңнамаға сәйкес оларды жою жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

3.3. нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау кезінде қызметкер:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін сыбайлас жемқорлық құқық нормаларын анықтау мақсатында нормативтік құқықтық актілерге құқықтық мониторинг жүргізуге;

2) білім беру саласындағы заңнаманы жетілдіру жөніндегі мемлекеттік және өзге де органдар мен ұйымдардың ұсыныстарын ескеруге;

3) Нормативтік құқықтық актілер жобаларының мазмұны азаматтардың құқықтары мен міндеттерін қозғайтын болса, жұртшылықпен міндетті талқылай отырып, аталған жобаларды әзірлеуге міндетті.

3.4. тіршілік саласының ерекшелігіне байланысты туындайтын өзге де өзара қарым-қатынастарда:

1) Заңда қылмыстық, әкімшілік не тәртіптік жауаптылық көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеуге;

2) бағынысты қызметкерлерге қатысты негізсіз айыптауларға, дәрекілік, адамның қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік, дұрыс емес мінез-құлық фактілеріне жол бермеуге;

- 3) *басшылардың тапсырмаларын орындау барысында тек объективті және анық мәліметтер беруге міндетті;*
- 4) *мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, автокөлік құралдарын қоса алғанда, мүлікті ұтымды, тиімді және тек қызметтік мақсатта пайдалануға;*
- 5) *ұжымда іскерлік өзара қарым-қатынастар мен сындарлы ынтымақтастықты орнатуға және нығайтуға ықпал етуге;*
- 6) *қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыруға міндетті;*
- 7) *өз лауазымдық өкілеттіктеріне сәйкес функцияларды жүзеге асыруға;*
- 8) *қызметтік әдепті сақтауға;*
- 9) *сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және тоқтату жөнінде қажетті шаралар қабылдауға, оның ішінде жоғары тұрған басшыны, уәкілетті мемлекеттік органдарды жазбаша нысанда дереу хабардар етуге міндетті.*

4. Басқа шектеулер мен тыйымдар

Білім беру саласының қызметкеріне:

- 1) *Егер коммерциялық ұйымды басқаруға тікелей қатысу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның лауазымдық өкілеттігіне кірмесе, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, оның ішінде оның ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, коммерциялық ұйымды басқаруға қатысуға;*
- 2) *педагогикалық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметтен басқа ақылы қызметпен айналысуға;*
- 3) *өзі қызметте тұрған мемлекеттік органда, не оған тікелей бағынатын немесе бақылауындағы үшінші тұлғалардың істері бойынша өкіл болуға;*
- 4) *егер шаруашылық жүргізуші субъектіні басқару немесе басқаруға қатысу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес олардың лауазымдық міндеттеріне кірмесе, мүліктік немесе өзге де игіліктер алу мақсатында өздерінің қызметтік өкілеттіктерін заңсыз пайдалану жолымен ұйымдардың немесе жеке тұлғалардың материалдық мүдделерін қанағаттандыруға жәрдемдессе, шаруашылық жүргізуші субъектіні басқаруға дербес қатысуға;*
- 5) *оның қызметтік әрекетінің материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын, басқа да мемлекеттік мүлікті және қызметтік ақпаратты қызметтік емес мақсаттарда пайдалануға;*
- 6) *ереуілдерді қоса алғанда, мемлекеттік органдардың қалыпты жұмыс істеуіне және лауазымдық міндеттерін орындауға кедергі келтіретін іс-әрекеттерге қатысуға;*
- 7) *өз тарапынан қоғамдық имандылыққа, тәртіп пен қауіпсіздікке қол сұғумен ұштасатын заңнама талаптарын бұзуға жол беруге және басқа азаматтарды құқыққа қарсы, қоғамға жат әрекеттер жасауға тартпауға;*
- 8) *қызметтік жағдайын және онымен байланысты мүмкіндіктерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес*

ұйымдардың мүдделері үшін, оның ішінде оларға өз көзқарасын насихаттау үшін пайдалануға;

9) оның еңбек қызметімен байланысты іс-әрекеттері үшін заңды және жеке тұлғалар сыйақы ретінде қызметкерге берілетін сыйлықтардың кез келген түрін, ақшалай сыйақыны, қызметтердің, несиелердің, демалыс шығындарының, ойын-сауық, көлік шығындарын, ұялы байланыс шығындарын және басқа да сыйақыларды алуға тыйым салынады.